

"Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2014 жылғы 9 сәуірдегі № 161 бұйрығының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 16 қарашадағы № 927 бұйрығы

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 21-1 және 43-1-баптарына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2014 жылғы 9 сәуірдегі № 161 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9344 болып тіркелген, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2014 жылдың 21 мамырында жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитеті (В.В. Петров) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың көшірмесін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне ж о л д а у д ы ;

2) осы бұйрықты «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми түрде жариялауды және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

М и н и с т р

полиция генерал-полковнигі

Қ. Қасымов

« К Е Л І С І Л Д І »

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

М е м л е к е т т і к қ ы з м е т і с т е р і

ж әне с ы б а й л а с ж е м қ о р л ы қ қ а қ а р с ы

і с - қ и м ы л а г е н т т і г і н і ң т ө р а ғ а с ы

Қ. Қожамжаров

2015 жылғы 20.11